«МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ДІН ІСТЕРІ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ПО ДЕЛАМ РЕЛИГИЙ МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

26.01.2026ж. №02-13/5

Ақтау қаласы

ПРИКАЗ

№

город Актау

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағының 7-тармақшасына және Маңғыстау облысының дін істері басқармасының Ережесіне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде 2026 жылы Маңғыстау облысында діни және қоғамдық-саяси ахуалды тұрақтандыру бағытында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша:

1.1. «Маңғыстау облысына білікті теологтар мен дінтанушыларды тарта отырып, мақсатты топтар арасында консультациялық, ағартушылық, профилактикалық, оңалту және өзгеде іс-шараларды жүзеге асыру қызметі» лоты бойынша, бағасы 141 481 600 (бір жүз қырық бір миллион төрт жүз сексен бір мың алты жүз теңге), мемлекеттік сатып алу бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылсын және мемлекеттік сатып алуға қатысуды шақырту «Айрақты» көмек көрсету орталығы» жеке меншік мекемесіне жіберілсін.

1.2. «Маңғыстау облысындағы имамдардың әлеуетін арттыруға бағытталған кешенді жоспар» лоты бойынша, бағасы 14 400 000 (он төрт миллион төрт жүз мың теңге), мемлекеттік сатып алу бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылсын және мемлекеттік сатып алуға қатысуды шақырту «Айрақты» көмек көрсету орталығы» жеке меншік мекемесіне жіберілсін.

1.3. «Маңғыстау облысы аумағындағы нысаналы топтарда деструктивті діни ағымдар идеологиясына қарсы тұрақты иммунитет қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстары» лоты бойынша, бағасы 18 513 900 (он сегіз миллион бес жүз он үш мың тоғыз жүз теңге) мемлекеттік сатып алу бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылсын және мемлекеттік

сатып алуға қатысуды шақырту «Shyraq» отбасын қолдау орталығы» жеке меншік мекемесіне жіберілсін.

1.4. «Діни экстремизм мен терроризм идеологиясын әшкерелейтін контрпропагандалық материалдарды интернет кеңістігінде таратуға әзірлеу» лоты бойынша, бағасы 14 550 000 (он төрт миллион бес жүз елу мың теңге), мемлекеттік сатып алу бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылсын және мемлекеттік сатып алуға қатысуды шақырту «Айрақты» көмек көрсету орталығы» жеке меншік мекемесіне жіберілсін.

1.5. «Қоғамда радикалды идеологияға қарсы иммунитет қалыптастыруға және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті орнықтыруға бағытталған қысқа бейнематериалдарды әзірлеу қызметі» лоты бойынша, бағасы 19 800 000 (он тоғыз миллион сегіз жүз мың теңге), мемлекеттік сатып алу бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылсын және мемлекеттік сатып алуға қатысуды шақырту «Боранқұл» командасы» қоғамдық қорына жіберілсін.

1.6. «Маңғыстау облысы бойынша ҚАЖД мекемелерінде жазасын өтеп жатқан азаматтар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру» лоты бойынша бағасы 5 400 000 (бес миллион төрт жүз теңге), мемлекеттік сатып алу бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылсын және мемлекеттік сатып алуға қатысуды шақырту «Айрақты» көмек көрсету орталығы» жеке меншік мекемесіне жіберілсін.

1.7. «Маңғыстау облысындағы діни бірлестіктердің әлеуетін арттыруға бағытталған кешенді шаралар» лоты бойынша, бағасы 3 600 000 (үш миллион алты жүз мың теңге), мемлекеттік сатып алу бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылсын және мемлекеттік сатып алуға қатысуды шақырту «Shyraq» отбасын қолдау орталығы» жеке меншік мекемесіне жіберілсін.

1.8. «Өңір теологтарының кәсіби құзыреттілігін арттыруға арналған оқыту шаралары» лоты бойынша, бағасы 5 850 000 (бес миллион сегіз жүз елу мың теңге), мемлекеттік сатып алу бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылсын және мемлекеттік сатып алуға қатысуды шақырту «Айрақты» көмек көрсету орталығы» жеке меншік мекемесіне жіберілсін.

2. Бір көзден сатып алу тәсілі бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Маңғыстау облысы дін істері басқармасы болып бекітілсін және мемлекеттік сатып алу жоспарына өзгеріс енгізіліп, мемлекеттік сатып алу порталына орналастырылсын.

3. Бұйрықтың орындалуы басқарманың бас маманы есепші К.Абдировке жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басқарма басшысы **Б.Куанышбеков**